

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 4 сабақ. Екінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Ғасырлық тұлға.

Грамматикалық тақырып: Сөздердің синтаксистік байланысы.

Есте сақтайық!

Сөздердің өзара байланысу тәсілдері негізінде қалыптасқан синтаксистік байланыс жүйесін сөздердің байланысу формалары дейміз. Қазақ тіліндегі сөздердің байланысу түрлері:

1) **Қиысу** – сөздердің жіктік жалғау арқылы байланысуы (бастауыш пен баяндауыштың байланысы). Қиыса байланысқан сөздер сөйлем болады. (*Мен оқимын (I ж.), сен оқисың (II ж.), олар келеді (III ж.), біз дайындаламыз (I ж.). Мен жазушымын. Мұрат – ақын.*)

2) **Матасу** – ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысуы (*Алматтың үйі, ағаштың бұтағы, менің жолдасым, баланың үйі*).

3) **Меңгеру** – табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөздің басқа сөзбен байланысуы (*баласа мейірімді, үзілісті күту, тауда жолығу, мектептен келу, еңбекпен табу, суды төкті, оған берді, бізде бар*).

4) **Қабысу** – сөздердің ешбір жалғаусыз орын тәртібі арқылы іргелес тұрып байланысуы (*кең бөлме, орындалған арман, тоғызыншы сынып, үйдегі қызық оқиға, қара қалам, қызықты оқиға, төрт батыр*).

5) **Жанасу** – сөздердің ешбір жалғаусыз бірде іргелес, бірде алшақ тұрып байланысуы немесе пысықтауыш пен баяндауыштың байланысы (*телефон арқылы сөйлесу, үйге дейін бару, әдейі келу, кеше болды, әдейі келді, сол арқылы білді*).

Жазылым. Тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма. Сөздердің байланысу түрлеріне (қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу) бірнеше сөйлемдер келтіріп жазыңыз.

Сөз тіркесіндегі бағыныңқы сөз басыңқы сөзбен қарым-қатынасқа түскенде, бір жағынан, сол тіркеске тән **лексика-грамматикалық** мағына да пайда болады. Сөз тіркесіндегі грамматикалық мағына бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздің арасындағы **үш қатынастан** пайда болады.

Олар: **анықтауыштық** қатынас, **толықтауыштық** қатынас және **пысықтауыштық** қатынас.

1. Анықтауыштық қатынас матаса, қабыса байланысқан есімді тіркестерге тән. *Бесінші сынып, алтын сақина, менің інім, біздің қала, орындалған арман.* Анықтауыштық қатынас **басыңқы** сөзден **бағыныңқы** сөзге **қандай? қай? кімнің? ненің? қандай? қанша? неше? нешінші?** деген сұраулар қою арқылы анықталады.

Анықтауыштық қатынастағы лексика-грамматикалық мағына бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздің лексикалық ерекшеліктеріне сәйкес даралық, нақтылық сипат алады.

Матасу байланысындағы сөз тіркесі мынадай **лексика-грамматикалық** мағыналарға ие. **Менің киімім** – затқа меншіктілік, **Тілектің әпкесі** – туыстық, **үйдің терезесі** – бүтіннің бөлшекке қатынасы.

- **Қабыса** байланысқан сөз тіркестерінің беретін **лексика-грамматикалық** мағыналары: **салқын жел** – табиғи күй, **ақ қар, көк шөп, қызыл гүл** – заттың түсі, **тәтті тамақ, ащы сорпа** – тамақтың дәмі. Бұл тіркестегі сөздердің бәрі **сын есім** болып, заттың әртүрлі **сынын** білдіруі олардың **грамматикалық** мағынасы болса, әр сөздің өзіне тән мағынасы **лексикалық** мағына болады. Сол лексикалық мағыналары арқылы бағыныңқы сөз **басыңқы**

2. Толықтауыштық қатынас меңгеру байланысындағы **есімді және етістікті** тіркестерге тән.

Басыңқы сөзден **бағыныңқы** сөзге **кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?** деген сұрау қою арқылы анықталады, бағыныңқы сыңары басыңқы сыңардың тура я жанама объектісін, я сол объектіге қатысын білдіріп тұрады. Мысалы, *тазалықты сүю, ойларын білдіру, жиналысты басқару, сөзге жауап қату.*

3. Пысықтауыштық қатынас меңгеру, қабысу және жанасу байланысындағы етістікті тіркестерге тән. Сұрақтары: қайда? қайдан? қашан? қайтіп? қалай? не мақсатпен? не үшін?

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері мынадай лексика-грамматикалық мағынада жұмсалады: істің мезгілі, мекені, қимыл-сыны, мақсаты, себебі. Мысалы, *оқу үшін келді, әдейі барды, жалтақтап қарау, биыл ашылмақшы, жалп етіп құлау.*

СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ.

- 1) Қосымша (жалғаулар).** Сөйлемдегі сөздер жіктік, септік және тәуелдік жалғауымен байланысады (Мен әкемін. Балаға берді. Үйдің есігі);
- 2) Шылау.** Сөйлемдегі сөздер шылаумен (септеулік, жалғаулық) байланысады (Білім үшін оқы. Алма мен өрік пісті).
- 3) Орын тәртібі.** Сөйлемдегі сөздер ешбір жалғаусыз қатар тұрып, орын тәртібі арқылы байланысады (алыс жер, атақты адам).
- 4) Интонация (дауыс ырғағы).** Сөйлемдегі сөздер интонация арқылы байланысады (Асан – оқушы).

2-тапсырма. Сөздердің байланысу тәсілдеріне бірнеше мысалдар келтіріп жазыңыз.

4 сабақ аяқталды.